

БӨЛІМ: ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

Адамның ішкі сұлулығы.ЖАРИЯЛАНДЫ
18.10.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/108048/>

Бөлім Ғасырлар даналығы

Педагогтың аты – жөні Ж.Мамахова

Күні 18.10.21ж

Сынып: 4 Қатысушылар саны: 6 Қатыспағандар саны:0

№ 7

Сабақтың тақырыбы Адамның ішкі сұлулығы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары Адамның ішкі сұлулығы

Құндылығы Сүйіспеншілік

Қасиеттері Мейірімділік, ізгілік, ақкөңілділік

Сабақтың мақсаты Оқушыларға адамның ішкі сұлулығының маңыздылығын түсіндіре отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.

Міндеттері 1. Білімділік: Оқушыларға ізгілік туралы түсінік беру.

2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы мейірімділік қасиеттерін дамыту.

3. Тәрбиелік: Оқушыларды ақкөңіл болуға тәрбиелеу.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі Педагогтың әрекеті

Оқушының әрекеті Ресурстар

Ұйымдастыру кезеңі.

1. Жағымды көңіл – күй

5 Т - ережесі:

1. Тәртіп.

2. Талап.

3. Тыныштық.

4. Тазалық.

5. Татулық.

«Нұрға бөлену» мәтінін оқу 5Т ережесін еске түсіреді

Көздерін жұмып отырады.

Алған әсерлерімен бөліседі. «Хрустальная грусть» композициясы

2. Үйге тапсырманы тексеру «Керексіз сұлулық» мәтінін оқып келу.

Сұрақтар:

- Сыртқы сұлулық артық па, әлде ішкі сұлулық артық па? Неліктен?
- Адамды әсем ететін сыртқы келбеті ме, әлде жақсы мінезі ме? Неліктен?
- Адамды түр-әлпетіне қарап бағалаған дұрыс па, әлде адамшылығына қарап бағалаған дұрыс па? Неліктен?
- Сырты сұлу сұлу ма, әлде іші сұлу сұлу ма? Неліктен? Талдау бойынша сұрақтарға жауап береді Оқулық.

wikipedia.org

2. Сабақтың дәйексөзі.

Нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде болар.

Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері

— Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар. Оқушылар бір неше рет қайталап, дәптерге жазып алады. Талдау сұрақтарына жауап береді.

3. Оқиға айту (Әңгіме) Өсімдіктер мен кемпірқосақ

Баяғы заманда жер бетіндегі өсімдіктердің барлығы тек жасыл түсті болыпты. Бір күні қатты жаңбыр жауып, олар қуанып, асыр салады. Жаңбырдың қалай басылғанын да байқамайды. Жапырақтар бетінде жаңбыр тамшылары қалады. Тамшылар да өсімдіктермен бірге ойнағысы келгендей түрлі-түсті түске енеді. Дүние әдемі боп кетеді. Кенет өсімдіктер жаңбыр тамшыларынан әдемі біреудің өздерімен бірге күліп, ойнап, қуанғанын көреді. Оның сұлулығына таң қалады.

— Сен кімсің? – деп сұрайды одан Алма.

— Менің атым Кемпірқосақ, – дейді ол көзін қысып.

— Сен жаңбыр суының ішіне қалай кіріп кеткенсің? – дейді Алма таңданысын жасыра алмай.

— Мен жаңбыр суының ішінде емеспін, мен аспандамын, – дейді Кемпірқосақ.

Аспанға қараған Алма тіпті таң қалады.

— О-о-о, сен неткен сұлусың, Кемпірқосақ, мен де сен секілді сұлу болсам ғой, шіркін, – дейді қызығып.

Алма мен Кемпірқосақтың әңгімесін естіген Қызанақ:

— Мен де сұлу болсам ғой, – дейді.

— Менің де сұлу болғымкеледі, – дейді Баклажан қалыспай.

Сонда Кемпірқосақ:

— Менің қай түсім ерекше ұнады саған? – деп сұрайды Алмадан.

— Қызыл түсің, – дейді Алма.

— Онда мен саған қызыл түсімнен берейін, – дейді де Кемпір қосақ Алмаға қызыл түсінен сәуле шашады. Алма қып-қызыл нарттай боп кетеді. Ол қатты қуанады. Оны

көрген Қызанақ:

— Менің де қызыл болғым келеді, – дейді тағатсыздана.

— Онда сен де қызыл бол, – деп Кемпірқосақ Қызанаққа да қызыл түсінен сәуле жібереді. Лезде Қызанақ та қып-қызыл боп қуанышқа бөленеді.

Солсәт Баклажан:

— Менің де қызыл болғым келеді, – дейді.

Онда сен де қызыл бол, Баклажан, – деп Кемпірқосақ оған да қызыл түсінен бөліп береді.

Бірақ Баклажанға қызыл түс ұнамай қалады. Ол:

— Жоқ, менің қызыл түсті болғым келмейді. Маған көк түсің ұнап қалды, – дейді Кемпірқосаққа.

Баклажанның мінезін ұнатпаған Кемпірқосақ:

— Мен берген түсімді қайтала алмаймын. Мә, саған көктүс, – деп қызыл түстің үстіне көк түсін шашып жібереді. Баклажан қою көк түсті болып шыға келеді.

— Қалай түсіңді ұнады ма? – дейді оған Кемпірқосақ.

Кемпірқосаққа ренжіп қалған Баклажан басын төмен қаратып бұртиып оған сөйлемей қояды.

Жеміс-жидектер

мен

көкөністердің бірінен кейін бірі әдемі түске еніп жатқанын көрген Қияр жапырағының арасына ншыға алмай біраз әуре гетүседі.

Дау Асқабақ маңғаз қалпы асықпай:

— Менің сары болғым келеді, – дейді.

— Сен сары бола ғой, Асқабағым, – деген Кемпірқосақ оған сары түсінен шашып жібереді.

Сол сәт секіремін деп жапырақтарының арасынан сәл басы қылтиып көрініп қалған Қиярға сары түстің біртәмшысы тамып кетеді. Лезде-ақ Қиярдың басындағы жап-жасыл гүлі сап-сары боп шыға келеді. Қуаныштан беті бал-бұл жанған Қияр отыра қап басындағы сары гүлін тамашалауға кіріседі.

Ал Асқабаққа сары түс түгел жетпей, оның денесінде жасыл жолақтар қалып қояды.

Бірақ Асқабаққа мына түсі де қатты ұнайды. Ол Кемпірқосаққа:

— Рахмет саған Кемпірқосақ! Менің түсімдей түс ешбір өсімдікте жоқ-ау деймін. Мен осы түсіммен қаламын, – дейді жадырап.

Бағанадан бері айналасындағы болып жатқан оқиғаға ұйқылы ояу қарап жатқан Қарбызға Асқабақтың түсі ұнап кетіп ұйқысы шайдай ашылады. Ол да қалыспай Кемпірқосақтан әдемі біртүсті сұрап алайын деп ұмтыла бергенде, Кемпірқосақ жоқ болып кетеді. Қарбыз жасыл күйінде қалады. Содан бері ол Кемпірқосақтың шығуын күтіп үнемі аспанға қарап жататын болыпты.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

Сұрақтар:

- Неліктен өсімдіктердің барлығы кемпірқосаққа таң қалды?
- Айналасының бәрін сұлулыққа бөлеген Кемпірқосақты қандай адамға теңеуге болады?

- Адам қандай қасиеттерімен, әрекеттерімен жан-жағын нұрға бөлейді?
- Өздерің басқа адамдардан жылы сөз, мейірім, ізгілік сезінгенде қандай күйге бөленесіңдер?

4. Шығармашылық жұмыс. 1 — тапсырма

Өнегелі болса, бала... .

Қорқыт Ата

Адам барлық жағынан да: түрі де, киімі де, жаны да, ойы да ... болуы керек.

Антон Чехов

Адамның асқан сұлулығы – оның

Василий Сухомлинский

Адамның ойы да, бойы да

Ғабит Мүсірепов

Сұлулық жақсы. Бірақ адамның ең алдымен, ... сұлу болуы керек.

Сәкен Сейфуллин

Қажетті сөздер: көркем, қарапайымдылығы, көрікті, жаны, сұлу.

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, нақыл сөздерді оқиды. Мағынасын түсініп алады

5. Жобалау қызметі

6. Топпен ән айту Мен әдепті баламын

Өлеңін жазған Әбдірахман Асылбек

Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев

Оқушылар мұғаліммен бірге ән шырқайды Тақтада ән мәтіні көрсетіледі

7. Үйге тапсырма «Жақсы адам болғым келеді» мәтінін оқып келу. Оқушылар үйге тапсырманы жазып алады Оқулық

8. Сабақтың қорытынды сәті.

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.